**«БЕКІТЕМІН»**
**«Мейірім» жекеменшік балабақшасының меңгерушісі**

Аты-жөні
«__» __________ 2026 жыл

**«Эквижн» ЖЕКЕМЕНШІК БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ 2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН БІРІНШІ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ ХАТТАМАСЫ №1**

**Өткізілген күні:** «_01» **қыркүйек 2026 жыл**
**Өткізілген орны:** «Мейірім» жекеменшік балабақшасы
**Қатысқандар:** балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, д педагогтер.
**Әдістемелік кеңес төрағасы:** __________
**Хатшы:** __________

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. **2026–2027 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері туралы.**
2. **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарын іске асыру.**
3. **2026–2027 оқу жылына арналған педагогтердің перспективалық жоспарларын, циклограммаларын және басқа да міндетті құжаттарын жүргізу тәртібі.**
4. **Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қауіпсіз, қолайлы дамытушы ортаны қалыптастыру.**
5. **Балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру, ойын арқылы оқыту, әлеуметтік-эмоциялық және коммуникативтік дағдыларды дамыту.**
6. **Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.**
7. **Әртүрлі мәселелер.**

**1-мәселе бойынша**
**ТЫҢДАЛДЫ:**
Әдістемелік кеңес төрағасы Адилхан.Ж 2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі бағыттарына тоқталды.
Жаңа оқу жылында әрбір тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау қажеттігі атап өтілді.
Педагогтерге тәрбиелеу-білім беру процесінде баланың белсенділігін арттыратын ойын, зерттеу, шығармашылық және практикалық әрекеттерді тиімді пайдалану ұсынылды.